

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
"Аманат" партиясы
Фракциясының мүшесі
Ә. М. Рахымжановқа**

2022 жылғы 27 мамырдағы №ДС-186

Құрметті Әмірхан Мұратбекұлы!

Сіздің бұрынғы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылындағы дәрігерлік амбулатория ғимаратының құрылысын аяқтау және Ақжар ауылдағы «Үржар балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің екі қабатты ғимаратына жапсарлас құрылыс салу жөніндегі (бұдан әрі – Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жобасы) депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні «Үржар ауданы Мақаншы ауылындағы күндізгі стационар, зертхана және әйелдер консультациясы бар дәрігерлік амбулатория ғимаратын қайта жаңғырту» нысаны бойынша инвестициялық ұсынысқа оң экономикалық қорытынды бар, жобалық-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған.

Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жобасы бойынша сметалық құны 469,056 млн теңге жобалық-сметалық құжаттама да мемлекеттік сараптамадан өтті.

Аталған екі нысан бойынша оларды қаржыландыру тетігі мен көздерін заңнамада белгіленген тәртіппен бүгінгі таңда жаңа құрылған Абай облысының әкімдігі қарастыратын болады.

Е. Тоғжанов

Орынд.: Е.Қ. Сәрсенбаев
Тел.: 75-00-27